

**Алматы облысы Қонаев қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қонаев қаласы әкімінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 12-15 шешімі. Күші жойылды - Алматы облысы Қонаев қаласы әкімінің 2026 жылғы 12 ақпандағы № 2-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қонаев қаласы әкімінің 12.02.2026 № 2-4 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48 , 50-баптарына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес Қонаев қаласының әкімі ШЕШТІ:

1. Алматы облысы Қонаев қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қонаев қаласы әкімінің орынбасары М.Ф. Тұрсын тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*А. Бердіханов*